Бекітемін
«Павлодар облысының құрылыс басқармасы» ММ басшысы

_____ А.Қ. Ажмұрат

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМА

Құрылыс бойынша кешенді «толық бітіріп берілетін» жұмыстары «Усольский» шағын ауданында 1200 оқушыға арналған жалпы білім беру мектеп құрылысы»

1. Жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеу

Жобаланған объектінің сипаттамасы:

Учаскенің функционалдық мақсаты	Мектеп құрылысы
Учаскенің орналасқан жері:	Павлодар облысы, Павлодар қаласы

Сатып алынатын жұмыстардың құрамына мынадай жобалау-іздестіру жұмыстарын орындау кіреді:

1. Қазақстан Республикасының аумағында қолданыстағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік құқықтық актілер мен нормативтік техникалық құжаттарға сәйкес жобалау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру және жүргізу.

2. 1.02-03-2022 «Құрылысқа арналған жобалау-сметалық құжаттамаларын әзірлеу, келісу, бекіту тәртібі және құрамы» ҚР ҚН сәйкес жұмыс жобасының жобалау-сметалық құжаттамасын және ҚОӘБ бөлімін әзірлеу.

3. Құрылыс алаңының инженерлік ізденістерін (жер учаскесі мен коммуникациялар төсеу трассалары шекарасында), оның ішінде жобалау мен құрылысқа қажетті инженерлік-геодезиялық, топографиялық түсірілімдерді, инженерлік-геологиялық түсірілімдерді орындау.

4. Жобалау-сметалық құжаттамаға сараптама жүргізу барысында анықталған барлық кемшіліктер мен ақауларды жою.

5. Жұмыс жобасының жобалау-сметалық құжаттамасын тапсырыс берушіге 5 (бес) данада, оның ішінде электрондық тасымалдағышта жобалау-сметалық құжаттаманың 1 данасын беру. Барлық қағаз даналарында басшының, орындаушылардың қолдары, жобалау ұйымының мөрі болуы тиіс.

6. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 19 наурыздағы №229 бұйрығына сәйкес халықаралық міндеттемелерді ескере отырып, қазақстандық өндірістің құрылыс материалдарын, жабдықтарын, бұйымдары мен конструкцияларын қолдануды көздеу.

7. Тапсырыс беруші бастапқы мәліметтерді ұсынған сәттен бастап жобалау мерзімі 6 айды құрайды.

Талап етілетін техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары.

Жұмыс жобасын әзірлеу кезінде келесі талаптар орындалуы керек:

- «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» ҚР Заңын, Қазақстан Республикасында қолданылатын нормативтік құқықтық актілерді және нормативтік техникалық құжаттарды;
- сәулет-жоспарлау тапсырмасы (СЖТ);
- жобалауға бекітілген тапсырма (қоса беріледі);
- халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтары үшін қолжетімділік жағдайларын қамтамасыз ету бойынша;
- суды, отынды, жылу және электр энергиясын тұтынуды бақылау, есепке алу аспаптарын орнатуды және жылу тұтынуды реттеудің автоматтандырылған жүйелерін қоса алғанда, олардың шығынын бақылау бойынша;
- азаматтық қорғаныстың инженерлік-техникалық іс-шараларын және төтенше жағдайлардың алдын алу, қорғау іс-шаралары, жарылыс және өрт қауіпсіздігі жөніндегі іс-шараларды әзірлеу бойынша;
- еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етуді және жұмыс істеушілердің еңбегін қорғау жағдайларын, санитарлық-эпидемиологиялық іс-шараларды ескере отырып, объект құрылысын ұйымдастыру бойынша;
- қоршаған ортаға зиянды әсерді болдырмау немесе азайту бойынша.

2. Авторлық қадағалау

1. Жалпы ережелер

1. Қызметтер:

- «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» ҚР Заңымен;
- Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 03 ақпандағы № 71 бұйрығымен бекітілген Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында инжинирингтік қызметтер көрсету қағидаларымен (бұдан әрі - Ереже);

- сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған қолданыстағы басқа да нормативтік актілермен.

2. Инжинирингтік қызметтерді ұйымдастыру

2. ұйым тапсырыс берушіге тікелей инжинирингтік қызметтер көрсететін жауапты тұлғалардың тізімін, олардың міндеттері мен өкілеттіктерін жазбаша ұсынады.

3. Авторлық қадағалауды жүзеге асыру бойынша инжинирингтік қызметтер көрсету

3. Авторлық қадағалау жүргізу құқығы берілген жобаның авторы және (немесе) әзірлеушісі, сондай-ақ сарапшылар құрылыстың барлық кезеңіне құрылыс объектісіне барудың әзірленген жоспар-кестесіне сәйкес объектіге бару және Қағидаларға 2 және 3-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша авторлық қадағалау журналын жүргізу арқылы жобалық шешімге сәйкестікке авторлық қадағалауды жүзеге асырады.

4. Әрбір бару және оның нәтижелері авторлық қадағалау журналында тіркеледі және авторлық қадағалауды жүзеге асыратын адамның жеке мөрімен куәландырылады.

5. Жобаның авторы немесе әзірлеушісі, сондай-ақ авторлық қадағалау жөніндегі сарапшы:

1) жұмыстар көлемінің, құрамының, өндіріс технологиясының және ғимараттар мен құрылыстарды салу бойынша орындалған жұмыстардың, оның ішінде технологиялық жабдықты монтаждау жөніндегі жұмыстардың сапасының жобалық шешімдерге сәйкестігін тексереді;

2) құрылыс процесінде туындайтын жобалау-сметалық құжаттама жөніндегі мәселелерді уақтылы шешеді, қолданыстағы мемлекеттік нормативтерде белгіленген тәртіппен жобалау-сметалық құжаттамаға толықтырулар мен өзгерістер енгізеді;

3) мемлекеттік нормативтердің талаптарына сәйкес жекелеген жауапты конструкцияларды және жасырын жұмыстардың негізгі түрлерін қабылдауға қатысады (тапсырыс берушінің техникалық қадағалауымен бірге);

4) сертификаттардың (паспорттардың) және конструкцияларға, бөлшектерге, құрылыс материалдары мен жабдықтарға арналған басқа да техникалық құжаттамалардың мемлекеттік стандарттарға, техникалық шарттарға және жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкестігін тексереді;

5) мемлекеттік стандарттарға, техникалық шарттарға және жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес келмейтін конструкцияларды, бөлшектерді, бұйымдарды, құрылыс материалдары мен жабдықтарды қолдануға тыйым салады;

6) тапсырыс беруші мен мердігердің өкілдеріне жобалау-сметалық құжаттаманың және нормативтік құжаттардың талаптарын бұза отырып орындалатын жұмыстар өндірісін тоқтату туралы нұсқаулар береді.

6. Жобаның авторы немесе әзірлеушісі, сондай-ақ авторлық қадағалау жөніндегі сарапшы:

- функцияларды сапалы және уақтылы орындау;
- объектінің құрылысын авторлық қадағалау журналын сапалы және уақтылы жүргізу;
- авторлық қадағалауды жүргізудің жоспар-кестесін уақтылы орындау және қатаң сақтау;
- «Ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдарының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес конструкциялардың, бұйымдардың, элементтер мен материалдардың тиісті пайдалану сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

7. Авторлық қадағалауды жүзеге асыратын жобаның авторы және (немесе) әзірлеушісі немесе сарапшы құрылыс объектісіне бастапқы барған кезде мемлекеттік нормативтерге сәйкес авторлық қадағалауды жүргізу кезінде пайдаланылатын құжаттардың сәйкестігін белгілейді.

8. Құрылыс объектісіне кейінгі барған кезде жобаның авторы және (немесе) әзірлеушісі немесе авторлық қадағалауды жүзеге асыратын сарапшы орындалатын құрылыс-монтаж жұмыстарының бекітілген құрылыс жобасына сәйкестігін белгілейді.

9. Орындалған жұмыстардың сәйкессіздігі анықталған кезде авторлық қадағалауды жүзеге асыратын жобаның авторы және (немесе) әзірлеушісі немесе сарапшы журналға белгі қояды және бұл туралы ескертулер анықталған сәттен бастап күнтізбелік бес күн ішінде тапсырыс берушіге, мердігерге және мемлекеттік сәулет-құрылыс инспекциясына жазбаша нысанда хабарлайды.

10. Объектінің құрылысы аяқталған кезде авторлық қадағалауды жүзеге асыратын тұлға тапсырыс берушіге (құрылыс салушыға) орындалған жұмыстардың жобаға сәйкестігі туралы қорытынды не бекітілген нормативтік құқықтық актінің белгіленген нысанына сәйкес теріс қорытынды береді.

Басқарма басшының орынбасары **А. Сатабаев**

ӨАҚ техникалық бөлімінің басшысы **Т. Досанов**